

"Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 504 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 қыркүйекте № 7948 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 21 ақпандағы № 103 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 21.02.2014 № 103 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының

4-тармағына

сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу» мемлекеттік қызмет регламенті **бекітілсін.**

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы **к о м и т е т і :**

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде **м е м л е к е т т і к** **тіркеуді;**

2) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында **орналастыруды қамтамасыз етсін.**

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Қ.С. Тыныбековке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитетіне (П.К. Нокин) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ. Қасымов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і

і с т е р

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 3

қ ы р к ү й е к т е г і

№

5 0 4

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу» мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу рәсімін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының аумақтық көші-қон полициясы бөліністері (бұдан әрі – көші-қон полициясы бөліністері) к ө р с е т е д і .

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. М е м л е к е т т і к қ ы з м е т :

1) «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңының 21, 22-баптарының;

2) «Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу» мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 2105 қаулысының (бұдан әрі – Стандарт);

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысымен бекітілген Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларының 4-тармағының негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

5. Көші-қон карточкасының «тіркеу» бағанын толтыру немесе қызметті ұсынадан бас тарту туралы дәйекті жауап көрсетілетін мемлекеттік қызметтің н ә т и ж е с і б о л ы п т а б ы л а д ы .

6. Осы регламентте мынадай түсініктер пайдаланылады:

1) тұтынушы – мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініш білдірген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

2) құрылымдық-функциялық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын уәкілетті органдардың жауапты адамдары, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөліністері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер немесе кіші жүйелер.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де с у б ь е к т і л е р :

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті (ІМ КҚПК) – шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды тіркейді;

2) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының аумақтық көші-қон полициясы бөліністері – шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркейді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызметті тұтынушының уақытша тұратын жері бойынша Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша аумақтық көші-қон полициясы бөліністері көрсетеді.

Көші-қон полициясы бөлінісінің қызметкері барлық құжаттарды қабылдаған соң тұтынушыға Стандарттың 4-қосымшасындағы түріне сәйкес берілген күнін көрсетіп құжаттарды қабылдаған жөнінде талон беріледі.

Мемлекеттік қызмет демалыс күндерінен басқа, аптасына алты күн (дүйсенбі - жұма сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін, сағат 13-00-ден 14-30-ға дейінгі түскі үзіліс, сенбіде сағат 9-00-ден 13-00-ге дейін) ұсынылады. Қабылдау кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, сондай-ақ оларды толтыру үлгілері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ІМ) mvd.gov.kz және тізбесі Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген облыстардың, Астана, Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің (бұдан әрі – ІД) интернет-ресурсында «Ішкі істер органдарының қызметі туралы» бөлімде, сондай-ақ көші-қон полициясы бөліністерінде орналасқан ресми ақпарат көздері мен стендтерде орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері Стандарттың 7-тармағында көрсетілген.

11. Шетелдік және азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болатын тұтынушы Стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды толық ұсынбауы болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-әрекеттердің (өзара іс-қимыл жасасу) сипаттамасы

12. Көші-қон полициясы бөліністерінде құжаттарды қабылдау «терезелер» арқылы жүзеге асырылады, оларда Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар мен уақыт бойынша көші-қон полициясы инспекторының тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетіледі.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы Стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттар ұсынады.

14. Ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар жоқ.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне мынадай ҚФБ:

1) қалалық, аудандық, қаладағы аудандық, кенттік ішкі істер органы бөлімінің, бөлімшесінің, тобының көші-қон полициясы бөлінісінің қызметкері;

2) облыстардың, Алматы және Астана қалаларының ішкі істер департаменті Көші-қон полициясы басқармасының қызметкері;

3) Қазақстан Республикасы ІІМ КҚПК-нің қызметкері қатысады.

16. Осы регламентке 1-қосымшада әрбір әкімшілік іс-әрекетті орындау мерзімін көрсете отырып, әрбір ҚФБ-ның әкімшілік іс-әрекеттерінің (рәсімдерінің) реті мен өзара іс-қимыл жасасуының кестелік сипаттамасы келтірілген.

17. Осы регламентке 2-қосымшада мемлекеттік қызмет көрсету процесінде әкімшілік іс-әрекеттердің қисынды реті мен ҚФБ-ның арасындағы өзара байланыстың сызбасы келтірілген.

«Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

Әкімшілік іс-әрекеттердің (рәсімдердің) реті мен өзара іс-қимыл жасасуының сипаттамасы

1-кесте. ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы. Негізгі процесс.

Негізгі процестің іс-әрекеті (жұмыс барысы, ағыны)			
1	Іс-әрекеттің (жұмыс барысы, ағыны) №	1	2
2	ҚФБ атауы	ҚАПО, ҚКПК	ҚАПО, ҚКПК
3	Іс-әрекеттің (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Өтініш берушінің құжаттар пакетін қабылдау және тексеру	Журналдарды толтыру, арнайы есептер бойынша тексеру
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім)	Журналда тіркеу және тіркеу туралы мөр қою немесе қызметті ұсынадан бас тарту туралы дәйекті жауап	«Бүркіт» БАЖ-ға ақпарат енгізу, тіркеу туралы мөр қою немесе қызметті ұсынадан бас тарту туралы дәйекті жауап
5	Орындау мерзімі	Бір жұмыс күні ішінде	Бір жұмыс күні ішінде

«Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы

жоқ адамдарды тіркеу» мемлекеттік
қызмет көрсету регламентіне
2-қосымша

**Әкімшілік іс-әрекеттердің қисынды реті арасындағы өзара
байланысты көрсететін сызбалар**

Тұтынушы

ҚАПО, ҚКПК

